


Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 642	▲ 0,38%	▲ 13,2%
NASDAQ	22 564	▲ 0,59%	▲ 17,0%
DJIA	46 139	▲ 0,10%	▲ 8,8%
CBOE Volatility Index (VIX)	24	▼ -4,17%	▲ 32,0%
Еуропа			
FTSE 100	9 507	▼ -0,47%	▲ 15,1%
DAX	1 947	▲ 0,02%	▲ 14,2%
Азия			
Hang Seng	25 831	▼ -0,38%	▲ 31,6%
Nikkei 225	50 261	▲ 3,20%	▲ 26,0%
Shanghai SE	3 947	▲ 0,18%	▲ 21,0%
Қазақстан			
KASE	6 794	▼ -0,16%	▲ 19,6%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары сауда сессиясын өсіммен жапты: S&P 500 0,38% өсіп \$6 642,16 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,59% көтеріліп \$22 564,23 болды; DJI 0,10% қымбаттап \$46 138,77 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторының 7-і сауда барысында төмендеді. Негізгі аутсайдерлер Utilities (-1,3%), Energy (-1,2%) және Consumer Staples (-1,0%) секторлары болды. Өсім көрсеткен секторлар Information Technology (+0,3%), Financials (+0,2%) және Materials (+0,2%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 275 355 915 749	▲ 0,8%	-3,5%	▲ 11,0%
Consumer Discretionary	6 243 934 842 463	▲ 0,4%	-6,9%	▲ 3,2%
Consumer Staples	3 187 748 721 514	▲ 0,0%	-4,4%	-6,5%
Energy	1 667 558 774 403	▲ 1,2%	3,6%	-3,5%
Financials	7 618 751 314 133	▲ 0,3%	-2,8%	1,7%
Industrials	4 675 111 043 269	▲ 0,1%	-2,8%	2,7%
Information Technology	19 677 548 084 496	▲ 0,3%	-3,8%	17,0%
Materials	907 679 042 885	▲ 0,2%	-3,5%	-8,6%
Real Estate	1 087 927 021 798	▲ 0,7%	-6,3%	-11,5%
Utilities	1 187 994 589 288	▲ 1,3%	-3,2%	10,4%
Health Care	5 666 663 969 576	▲ 0,5%	0,4%	4,2%

Макроэкономикалық факторлардың ықпалы шектеулі болып қалды. ФРЖ-ның соңғы отырысының жарияланған материалдары Комитет мүшелерінің арасында айтарлықтай пікір айырмашылығын көрсетті: бір бөлігі инфляцияны төмендетудегі баяу прогресті атап, ставканы төмендету циклін уақытша тоқтатуды қолдайды, ал қалғандары еңбек нарығын қолдау үшін саясатты жұмсартуды жалғастыру қажет деп есептейді. Осындай ала-құлалық аясында желтоқсандағы ставканы төмендету күтулері әлсіреді: ықтималдық бір ай бұрынғы 94% көрсеткіштен шамамен 26%-ға дейін түсті. 10 жылдық қазынашылық облигациялардың кірістілігі 4,14% деңгейіне көтерілді.

Инвесторлар назарын еңбек нарығына қатысты жақын күндері жарияланатын деректерге аударды. АҚШ үкіметінің ұзаққа созылған жұмысының тоқтап қалуына байланысты кейінге қалған қыркүйек айының есебі бүгін жарияланады деп күтілуде. Болжам бойынша, жұмыспен қамтудың өсуі шамалы — айына шамамен 50 мың адам көлемінде болуы мүмкін. Сонымен қатар ADP деректеріне сәйкес, қыркүйекте жеке секторда 29 мың жұмыс орны қысқарған, бұл еңбек нарығындағы әлсіреу белгілерін көрсетеді.

Сыртқы нарықтардағы жалпы ахуал біршама оң болып қалыптасып, ставкалар бойынша белгісіздікті ішінара теңестірді. Азия биржалары Nvidia компаниясының мықты қаржылық нәтижелері және жоғары технологиялар секторындағы көңіл-күйдің жақсаруы аясында сауданы өсіммен бастады. Доллар екі апталық максимумға дейін нығайды, ал АҚШ мемлекеттік облигацияларының кірістілігі ФРЖ саясатына қатысты күтулердің қайта қаралуына байланысты өсе берді.

Валюталық нарықтарда азиялық валюталардың динамикасы негізінен тұрақты болды. Олар алдыңғы күнгі айқын әлсіреуді біршама қайтарды. Доллардың күшеюі және ФРЖ тарапынан қатаңдау сигналдарының артуы өңір валюталарына қысым түсіріп отыр. Жапон йені он айлық минимумды жаңартты, бұл елдің қаржылық жағдайына қатысты алаңдаушылықтармен және валюталық интервенция белгілерінің болмауымен байланысты.


Шикізат нарықтарында сабырлы көңіл-күй сақталуда. Доллардың күшеюі және желтоқсандағы саясатты жұмсарту күтулерінің төмендеуі аясында алтын бағасы сал төмендеді. Мұнай баға жағынан аздап өсім көрсетіп отыр: WTI шамамен 59,47 доллар деңгейінде, ал Brent — 63,72 доллар шамасында саудалануда. Доллар индексі 100,20 пункт деңгейінде қалып, АҚШ валютасына деген сұраныстың артуын көрсетуде.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	322	-3%	17,6%
Банк ЦентрКредит	4 751	-1%	107,3%
Kcell	3 311	0%	-2,0%
Казатомпром	27 700	2%	35,4%
КазТрансОйл	828	0%	0,6%
КЕГӨК	1 390	0%	-8,6%
Kaspi.kz	38 800	1%	-29,2%
КазМунайГаз	22 400	0%	53,1%
Эйр Астана	872	1%	-23,7%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	518,16	-0,20%	-1,2%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,03	-0,40%	-21,2%
EUR/USD	1,1536	-0,37%	12,4%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.